

"QazExpoCongress" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 6 мамырдағы № 270 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 29 ақпандағы № 143 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "QazExpoCongress" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 6 мамырдағы № 270 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Серік Мақашұлы Жұманғаринді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "QazExpoCongress" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамына сайлауды қамтамасыз етсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов